

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

Филология институты
Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде бекітілді
«28» маусым 2022 ж., хаттама №10



Ғылыми Кеңестің төрағасы
Филология институтының
директоры
Таңжарықова А.В.


**Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
8D017 – Тіл мен әдебиет бойынша мұғалім дайындау (қазақ тілі мен
әдебиеті) мамандығы
бойынша қабылдау емтиханның**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2022

Бағдарлама Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының мәжілісінде талқыланды.
«28» маусым 2022 ж., хаттама №10

Бағдарламаны құрастырған: п.ғ.д., доцент Р.С.Рахметова

Кафедра меңгерушісі  Ильясова Н.Ә.

**D017–Тіл мен әдебиет бойынша мұғалім дайындау (қазақ тілі мен әдебиеті)
мамандығы
бойынша докторантураға түсу емтиханының бағдарламасы**

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша докторантураға тапсыратын білім алушылардан тіл мен әдебиеттің өзекті мәселелері және қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың методологиясын білу талап етіледі. Бағдарламада осы мамандықты терең игеруге негіз болатын базалық білімдер жүйеленіп, «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», «Әдеби даму заңдылықтары», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» «Қазіргі қазақ тілі», «Әдебиет теориясы» пәндері бойынша сұрақтар қамтылды.

Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. Тілдің тарихын дәуірлеудің негізгі теориялық мәселелері. Тілдің шығу тегі жайында көзқарастар. Тілдің пайда болуы. Тілдің пайда болу мәселесінің тарихы (глогтогенез) Тілдің қызметі. Тіл және ойлау. Әлем тілдері. Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы.Салыстырмалы-тарихи тіл білімі, оның тіл білімін дамытудағы мәні, кемшілігі. Ностратикалық ілімнің мәні. Тіл тарихындағы қазақ халқын құрысқан ірі тайпалық одақтардың, рулардың таңбалары мен тілдік белгілерін үйретудің міндеті. Руна жазулары. Түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі Орал-Алтай тіл бірлестігін дәлелдейтін заңдылықтар. Алтай тіліндегі көне түркі тілінің ерекшеліктері. Орал-Алтай тіл бірлестігіне кіретін түркі-моңғол тілдерінің тарихи байланыстары, фонетикалық-грамматикалық сипаттағы зерттеулер. Тайпалық одақтардың таралу мәселесі. Түркі тілдерінің дамуында хун дәуірінің алатын орны. Хун тілдеріндегі дыбыстық, лексикалық ерекшеліктер. Шумерлер мен үйсінді байланыстыратын пікірлер. Үйсіндер туралы тарихи деректер. Үйсін тілінің қазақ тіліне ұқсастығы. Үйсін тіліндегі лексикалық және фонетикалық ерекшеліктер. Қаңлы-қыпшақ тілі. Қаңлылар жайлы Ә.Қайдаровтың еңбегі. Қаңлы-қыпшақтардың тіл жағынан бірлігі туралы М.Қашқаридың пікірі. Қаңлы-қыпшақ тілдеріндегі лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрік» еңбегінің тілдік ерекшеліктері. Шумер әліпбиі мен көне түркі әліпбиінің бірлігі. Қазақ жазуының тарихы. Жазу және жазу түрлері. Жазу - ерекше танбалық жүйе. Жазу тарихы. Жазу типтері.Тілдердің дамуы және өзара байланысы. Тілдік қатынастар. Көне түркі тілі және Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері. Орхон мұраларының ел тарихындағы орны.

Көне түркі тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. Тарихи лексика және сөздік қор. Көне түркі тілінің қазақ тіліне жақындығы: лексикасы, фонетикасы, грамматикасы. Көне түркі жазба ескерткіштерінің қазақ тілі тарихында алатын орны және маңызы. Көне түркі тіліндегі тарихи атаулардың танымдық мәні және семантикалық даму жолы. Жер, су атауларының тарихы. Көне атаулардағы түркілік элементтер.Орта ғасыр түркі тілі мен қыпшақ тілінің байланысы, орта ғасыр түркі тілінің өз алдына жеке халық болып қалыптасуы. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілдік ерекшеліктері. Қазақ тілі тарихын дәуірлеудің мәселелері. Қазақ әдеби тілінің даму тарихы.

А.Байтұрсынов және жазу тарихы. Қазақтың халық тілінің қалыптасуы және онын өз ішінен бөлінетін тармақтары. Қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі орны

Түркі халықтарына ортақ Орта ғасыр түркі ескерткіштеріне шолу. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің лексикалық сипаты. Түркі тілдеріне ортақ лексика. М.Қашқари, Ж.Баласағұн, Ә.Баһадүр, Қ.Жалайыр мұраларының тілді дамытудағы рөлі.

Әдеби даму заңдылықтары. ҮІІ-ХҮ ғасырдағы әдеби бастаулар. Хандық дәуірдегі әдебиеттің қазіргі қазақ әдебиетін дамытуда алатын орны. ХІХ ғасыр әдебиетінің даму көрсеткіштері. ХХ ғасырдағы әдебиеттің даму бағыты. Қазақ әдебиетіндегі жанрлық даму мәселелері. Поэтикалық синкретизмнің әдебиеттегі көрінісі. Поэзия жанрының даму процесі. Қазақ әдебиеті мен тарихи дәуір байланысы. Әдебиет дамуының кезеңдері мен халықтың жалпы тарихи даму үрдісі. Қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы кезеңі. Көркемдік даму мен әдеби процестің байланысы. Әдебиет тарихының зерттелуі. Қазақ әдебиетінің қалыптасуына негіз болған көне түркі жазбалары. Әдебиетті дәуірлеудегі басты критерийлер. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық-әдіснамалық мәні. Әдеби шығарма мен қоғамдық шындықтың тарихи негіздері. Әдеби шығарма және тарихи процесс. Әдебиет тарихын дәуірлеудің басты ерекшеліктері. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. ХХ ғасырдағы әдеби сынның дамуы. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби даму процестер. Әдеби сынның даму деңгейі. Қазақ әдебиетінің даму үдерісі және әлемдік контактология. Қазақ ғалымдарының әдебиет тарихын дәуірлеудегі теориялық көзқарастары мен әдіснамалық тәжірибесі. Қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлері. Кеңестік дәуірдегі әдеби дамудың ерекшеліктері. Ұлттық әдебиеттің дамуына үлес қосқан тұлғалар. Жыраулар поэзиясындағы қоғамдық шындық және қазақ әдебиетінің даму бағыты. Әдебиет тарихын дәуірлеудің принциптері (аналитикалық принцип, гетерогендік принцип, автономдық немесе автогендік принцип). Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеудегі Б.Кенжебаевтың ғылыми ұстанымдары. Қазақ әдебиетін зерттеудің тарихи принципі. Әдебиетті дәуірлеудегі басты критерийлер. Әдеби шығармашылықтың өзіндік ерекшеліктері және оны дәуірлеу мәселесінің мәні. Әдебиеттің өзіндік көркемдік даму үдерісі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар. Топтық жұмыс технологиясы, оны қолданудың жолдары. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы, стратегиялары мен қолдану жолдары. Сатылай кешенді оқыту технологиясы, стратегиялары. Жеделдете оқыту технологиясы. Дамыта оқыту технологиясын сабақта қолданудың жолдары. Қазақ ғалымдарының білім беру технологиялары. Қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының түрлері. Эссе, оның түрлері. Эссе жазуға қойылатын талаптар. Ғылыми жоба және Ғылыми тезис жазудың талаптары. Қазақ фонетикасын оқытудың маңызы. Қазақ тіліндегі буын мәселесі және оны оқыту әдістемесі. Қазақ тілін оқытудағы жоспар түрлері. Ұзақ мерзімді жоспар: мазмұндық-құрылымдық жүйесі. Қысқа мерзімді жоспар, оның ерекшеліктері. Қазақ тілін оқыту әдістері, оны қолданудың жолдары. Бағалау және оның ұстанымдары

мен критерийлері. Жиынтық бағалауды ұйымдастырудың мәселелері. Тіл ғылымындағы антропоэзектілік мәселесі мен тілді оқытудағы антропоэзектік бағыты. Білім беру ұстанымдары: қатысымдық ұстаным. Оқушының дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымы. Қазақ тілін оқытудағы жаңашылдықтар: қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту. Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту. Жүсіпбек Аймауытұлының «Тәрбиеге жетекші» еңбегінің мәні. Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының ерекшелігі. Қ.Жұбановтың әдістемелік ой-тұжырымдары. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жағдаяттық, рөлдік ойындардың маңызы. Қазақ тілінің морфологиясын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер. Сөйлем мен сөйлеу мәдениетінің байланысы, оқыту мәселесінде алатын орны. Сөз мәдениетін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер. Тілдік тұлғаның сөз мәдениетін қалыптастыру жолдары. Жаңартылған білім беру бағдарламасы және функционалды сауаттылық мәселелері. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының өзіндік ерекшеліктері. Рөлдік ойындарды сабақта қолданудың ұтымдылығы. Кері байланыс және рефлексия, өзіндік айырым белгілері. Сабақта кері байланысты ұйымдастыруда қолданылатын әдістер. Диалогтың оқыту процесіндегі мәні. Диалогтің түрлері, оны сабақта қолданудың жолдары. Блум таксономиясының оқыту жүйесіндегі маңызы. Білу, түсіну деңгейіндегі тапсырмалардың қазақ тілін оқытуда қолданылуы. Қолдану деңгейінде қазақ тілі бойынша тапсырмалар құрастыру мәселелері. Талдау мен жинақтауға арналған тапсырмаларға қойылатын талаптар. Бағалау деңгейін жүзеге асыратын әдістер. Грамматика сабақтарының міндеті мен мақсаты. Грамматиканы оқытудың маңызы. Қазақ тілін оқытудағы пәнаралық байланыс, оның оқушы белсенділігін қалыптастырудағы рөлі. Қазақ тілін оқытудағы салааралық байланыс. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар, олардың оқыту процесінде алатын орны. Қатысым әрекетін жүзеге асыратын ішкі және сыртқы факторлар. Қатысым әдісінің маңызы. Оқытудың дидактикалық ұстанымдары. Проблемалық әдіс, оны қолданудың жолдары.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.

Қазақ әдебиетін оқыту мәселесінің зерттелуі, оқытудағы қазіргі жаңашылдықтар. Әдебиетті оқытудың әдіснамалық негізі. Қазақ әдебиеті сабақтарында жыраулар поэзиясын оқыту әдістері. Қазақ әдебиетін орта буын сыныптарында оқытудағы білім мазмұны, оның ерекшеліктері. Әдеби-теориялық білім беру мазмұны. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқытудың заманауи аспектілері. Әдебиетті оқытудағы дидактика - психология - көркем шығарманың байланысы. Оқушының көркем шығарманы қабылдауының психологиялық негіздері. Қазақ әдебиетін оқытудың дидактикалық ұстанымдары. Жалпы және жеке әдістемелік ұстанымдар. Оқыту технологиясына қойылатын талаптар. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқытудың заманауи аспектілері. 9-сыныпта айтыстарды оқыту (Біржан мен Сара, Құлмамбет пен Жамбыл айтыстары) Қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері. Академик С. Қирабаев еңбектеріндегі әдебиетті оқыту мәселелері. Қазақ әдебиетін оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары. Қазақ әдебиетін оқытудағы

алғашқы оқулықтар мен оқу құралдары. Ы.Алтынсарин ұсынған оқу материалдары («Қазақ хрестоматиясы» бойынша) А.Байтұрсынұлының әдістемелік ой-пікірлері («Баяншы», «Әдебиет танытқыш» еңбегі бойынша). Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар. Білім берудің инновациялық технологиялары және оның қазақ әдебиетін оқытуда алатын рөлі. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» халықаралық жобасы (Дж.Стилл, Куртис С.Мереди, Ч.Темпл). Жанартылған білім беру бағдарламасы бойынша ұзақ мерзімді жоспардың жасалу жолдары. Қазақ әдебиеті сабақтарында ұжымдық оқыту технологиясын қолдану әдістері. Ойын технологиясын қазақ әдебиеті сабақтарында қолдану жолдары. Проблемалық оқыту теориясын қолдану жолдары (А.М.Матюшкин, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов). Қазақ әдебиеті сабақтарында эссе жазу әдістері. Білім беруді ізгілендіру технологиясы (Ш.А.Амонашвили бойынша). Шетел әдебиеті үлгілерін оқыту әдістері. Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі және оның әдеби білім берудегі орны. Әдебиет сабақтарындағы пәнаралық байланыс, оның әдеби білім берудегі алатын орны.

Көркем шығарманың тілін талдау әдістері. Көркем туындыны образдар жүйесіне қарай талдап оқыту әдістемесі. Көркем шығарманы оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу мәселесі. Әдебиет сабақтарында оқытудың ақпараттық технологияларын тиімді пайдалану әдістері. Қазақ әдебиетін қалыптастырудағы Қ.Бітібаеваның әдістемелік еңбектері. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытуда тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Әдеби кейіпкер бейнесін талдаудағы мінездемелердің түрлері. Қазақ әдебиеті сабақтарында лириканы оқыту әдістері. Қазақ әдебиеті сабақтарында ертегілерді оқытудың жолдары. 10-11 сыныптарда роман жанрын оқыту әдістемесі. Қазақ әдебиетінен кіріспе сабақ өткізу әдістері. Өңгіме жанрын оқыту әдістері. Драматургиялық шығармаларды оқыту жолдары. Эпикалық шығармаларды сюжеттік, композициялық талдау жолдары.

Қазіргі қазақ тілі. Қазақ тілінің фонетикасы. Фонетика - тіл білімінің дербес бір саласы. Қазақ тіліндегі буын мәселесі және оны оқыту әдістемесі. Миссионерлік бағыттағы қазақ фонетикасының зерттелуі. Қазақ тіліндегі графика түрлері. Графика және графема түсініктері. Қазақ фонетикасындағы дыбыс пен фонема мәселелері. Қазақ тіліндегі фонологиялық зерттеулер.

Қазақ тілінің лексикологиясы. Лексикалық мағынаның типтері мен түрлері. Қазақ тілі және диалектілердің әдеби тілде алатын орны. Эмоционалды-экспрессивтік лексиканың тілдегі қызметі. Қазақ тіліндегі этимологиялық зерттеулер. Этимология және оның түрлері. Ғылыми этимология принциптері. Қазақ тіліндегі сөз өзгерім жүйесі. Сөз мағынасының кеңею жолдары. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы мен оның арналары. Сөздердің қосалқы аталымдар арқылы қолданылуы (Табу, эвфемизм, дисфемизмдер). Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы. Фразеологиялық тіркестер, фразеологиялық оралымдар, Қазіргі қазақ тілі фразеологиясының зерттелуі. Фразеология және оған тән белгілер.

Қазақ тілінің морфологиясы. Сөздерді таптастырудың ұстанымдары. Сөз таптарын жіктеудегі пікірқайшылықтар. Қазақ тіліндегі грамматикалық

ұғымдар. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесі. Сөз таптарының тән грамматикалық категориялар. Сын есімнің шырай категориясы. Шырайдың түрлері туралы ғалымдардың пікірлері (А.Ысқақов, Н.Оралбаева, Г.Сыздық). Етістіктің грамматикалық, лексика-грамматикалық, қатысты грамматикалық категориялары.

Қазақ тілінің сөзжасамы. Қазақ тіліндегі морфология мен сөзжасамның байланысы. Сөзжасам саласының дербес ғылым ретінде қалыптасуы. Туынды сөз, оның ерекшеліктері. Сөзжасам мен атау теориясының сабақтастығы. Сөзжасамдық үлгі және тип, олардың ерекшеліктері. Сөзжасамдық ұя және оның түрлері туралы зерттеулер. Сөзжасамдық тәсілдер, оның заңдылықтары. Аналитикалық тәсілмен жасалған сөздер, олардың ерекшеліктері, синтетикалық тәсілмен жасалған сөздер олардың ерекшеліктері.

Қазақ тілінің синтаксисі. Синтаксистік парадигма: құрылымдық синтаксис, семантикалық синтаксис, коммуникативтік синтаксис мәселелері, айырым белгілері. Сөз тіркесі синтаксисі. Сөз тіркесіне тән синтаксистік қатынастың түрлері, қызметі. Сөз тіркесі түрлері. Номинативті тіркестер мен синтаксистік тіркестердің арақатынасы, айырмашылықтары, ерекшеліктері. Еркін және тұрақты тіркестер. Жай сөйлемнің жіктелуі, типтері. Сұраулы сөйлемнің мағыналық түрлері, классификациясы (Р.Әмір, М.Балақаев тұжырымдары бойынша). Құрмалас сөйлемдердің коммуникативтік-функционалдық аспектіде зерттелуі, қызметі. Қазақ тілінің сойлеу әуезділігі туралы зерттеулер. Қазақ интонациясының компоненттері мен бірліктері. Интонама мәселесі. Қазақ тілінің интонациясы туралы зерттеулер. Қазақ пунктуациясы. Тыныс белгілерін қоюда басшылыққа алынатын ұстанымдар. Тыныс белгілерінің негізгі қызметі, қойылу себептері. Тыныс белгілерінің түрлері.

Мәтін лингвистикасы. Мәтін лингвистикасына тән теориялық заңдылықтар. Мәтін құрамындағы мағыналық тұтастық мәселелері. Мәтін және абзац. Мәтін лингвистикасы, зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері. Мәтін және стиль. Стиль түрлері. Мәтіннің композициялық-сөйлеу формаларына мүшеленуі. Мәтін талдаудың стильге қатысы. Мәтінге тән белгілер. Мәтін құраушы тілдік бірліктердің қызметі.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңі. Қазіргі қазақ тілі теориясының негізін салған ғалымдар. Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімі туралы көзқарастары. А.Байтұрсыновтың төте жазуы. І.Кеңесбаевтың фразеологиялық зерттеулері. Н.Сауранбаевтың қазақ тіл біліміне қосқан үлесі. Тілдерге тән ортақ белгі, қасиеттің қазақ тіліне қатысы. Тілдер типі, қазақ тілінің типологиялық ерекшелігі.

Сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу этикеті. Сәлемдесу және қоштасу рәсімінде қолданылатын бейвербалды амалдар. Шаршы топ алдында сөйлеу мәдениеті талаптары. Сөйлеу мәдениеті мен әдеби тіл нормаларының байланысы. Тіл мен мәдениеттің өзара байланыстылығын айқындайтын факторлар.

Қазақ тіл ғылымындағы жаңа бағыттар. Қазақ тіл білімінің парадигмасы. (когнитивтік, коммуникативтік, салыстырмалы-тарихи) Тілдің когнитивтік (танымдық) және кумулятивтік қызметі. Қазақ тіл білімі мен мәдениеттанымның байланысы. Тарихи атаулар этимологиясының ел танудағы

мәні. Тілдік қатынас мәселелері. Тілдік қатынастың бейвербалды бірліктерінің көп мағыналылығы. Бейвербалды амалдардың қызметі. Тілдік бірліктердің коммуникация үдерісіндегі қызметі. Сөйлеу түрлеріне тән сөйлемдер мен әдеби тілдік норма мәселесі. Ғылыми сөйлеу және әдеби тіл нормасы

Қазақ әдебиеті теориясы. Әдебиеттану ғылымының басқа ғылым салаларымен байланысы. Әдебиеттану ғылымы, мақсат-міндеттері, салалары. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы: жетістіктері мен проблемалары. Өнерге жанаша көзқарас. Әдебиеттану ғылымының зерттеу, қарастыру нысанына, мақсат-міндеттеріне орай оның эстетика, тарих, философия, тіл, мәдениеттану, т.б. ғылымдармен байланысы. Әдебиетті зерттеудің негізгі принциптері. Өмір болмысы, қоғамдық шындықты танудың екі жолы: ғылыми таным және көркемдік таным ерекшеліктері. Әдеби зерттеулердің әдіснамасы және оның негіздерінің қалыптасуы. Әдіснаманың философиялық сипаты. Әдіснаманың ғылыми ізденістердегі алатын орны. Зерттеудің әдіснамалық негіздерінің жай-күйі. Әдеби процесті айқындайтын факторлар.

Қазақ әдебиеті теориясының негізін салған ғалымдар, еңбектері. Сынның көркем шығармашылық процеске әсері. Қазақ әдебиетінің ұлттық сипаты. Этно-фольклорлық үрдістердің ұлттық мінез жасаудағы рөлі.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, даму тарихы. Қазіргі тарихи дәуірлеудің түрлі ұстанымдары. Қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби бағыттар мен ағымдар, олардың арақатынасы. Қазақ әдебиетіндегі «зар заман» ағымы мен Алаш. Әдеби шығармашылық генезисі. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің өзіндік сипаты, басқа кезең әдебиетінен ерекшелігі. Ш. Уәлиханов – фольклор мен әдебиет зерттеушісі. Қазақ әдебиетіндегі ақтандақ кезең келбеті және оның қазіргі тұрғыдан зерттелу сипаты. Әдебиет тарихын зерттеудің әдіснамалық негізі.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағыттар. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріне жанаша көзқарас. Қазақ әдебиеті және модернистік өнер. Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернистік сарындар. Қазіргі қазақ романдарындағы постмодернистік ізденістер. Салыстырмалы әдебиеттану мәселелері. Шығармадағы автор, кейіпкер және оқырман мәселесі. Қазақ әдебиетіндегі психологизм мәселелері. Әдебиеттегі кейіпкерлердің екіге жарылуы мәселесі. Қазақ прозасындағы неомифологизм ағымының белгі-сипаттары. Әдебиеттегі ағымдар мен бағыттар, мектептер. Әдебиеттегі герменевтика (автор, шығарма және оқырман мәселесі). Текстология – мәтінтану мәселелері. Қазақ әдебиетіндегі текстологиялық зерттеулер.

Көркем мәтін теориясы. Көркем шығарманы әдебиеттанымдық талдау. Өлең сөздің теориясы. Көркемдік-бейнелілік құралдар. Әдеби стиль. Әдеби сын жанрлары. Көркем әдебиеттің поэтикасы.

Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби даму және әдебиеттану. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті. Фольклор поэтикасы және әдеби үрдіс. Поэзия жанрының ерекшеліктері, зерттелуі. Қазақ әдебиетіндегі аударманың ауыз әдебиетімен байланысы.

Өнердегі көркем шарттылық мәселесі. Көркем шарттылық ұғымы. Мәселенің орыс, қазақ әдебиеттану ғылымын зерттелу жайы. Көркем шарттылық туралы

түсінік-ұғымдар. Көркем шарттылықтың бейнелеу тәсілі, өнер заңдылығы екендігі. Көркем шарттылықтың ауыз әдебиетіндегі көріністері. Реалистік өнер және көркем шарттылық мәселесі. Көркем шарттылық тәсілінің басқа өнер түрлерінде (сурет, мүсін, кино, театр т.б.) қолданылуы. Көркем шарттылық ұғымы. Көркем шарттылықтың ауыз әдебиетіндегі көріністері. Шығармашылық тарихты зерттеудің жолдары мен әдістері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Қазақ тілі бойынша:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қосымова Г. Тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері. – А., 2011.
2. Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы. □ А., 2010.
3. Аманжолов С. Диалектология мәселелері мен қазақ тілінің тарихы. – Алматы, 2005. – 450.
4. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы, 2004. – 610.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. –А., 2007.
6. Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. –А., -2018.
7. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. –А., 1997.
8. Ахметжанова З. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос. –А., 2016.
9. Дербишева З.К. Язык и этнос. –М., 2017.
10. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы. 1993.
11. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Алматы, Ан-Арыс баспасы 2019.-584 б.
12. Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме – шеберлік әлемі. Тілді оқыту: лингвопсихологиялық аспект. Алматы, «Үш қиян» баспасы. 2021. I том.-200 б.
13. Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме – шеберлік әлемі. Сөз мәдениеті: әдіснама мен әдістеме. Алматы, «Үш қиян» баспасы. 2021. II том.-320 б.
14. Дәулетбекова Ж.Т. Әдістеме – шеберлік әлемі. Ұлттық руханият негізі: тіл мен діл. Алматы, «Үш қиян» баспасы. 2021. II том.-200 б.
15. Ильясова Н.А. Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. Алматы. «ДиАс» баспасы. 2017.-328 б.
16. Ильясова Н.А. Сөз тіркесі синтаксисі. Алматы, «Ұлағат» баспасы, 2019.
17. Рахметова Р.С. Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі. Оқу құралы. - Алматы, «Роза» баспаханасы, 2017.
18. Құлжанова Б.Р. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология, Алматы. 2015.
19. Сыздықова Г. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. Алматы, 2015
20. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Алматы, 2017.
21. Базарбаева З.М. Қазақ тілі: интонология, фонология. Алматы, 2008.-326 б.
22. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолла Г. т.б. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2009.

Қосымша әдебиеттер:

1. Исаева Г. Киіз уй атауларының этномәдени аспектісі. –А., 2016.

1. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, 2001. – 244.
2. Бекмағамбетов Ш. Тіл генетикасы: тілдік таңба- нышандық жүйе. – А., 2014.
3. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы, 1994. – 477.
4. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – А., 2002. – 250.

Қазақ әдебиеті бойынша:

Негізгі әдебиеттер:

1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
2. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I том. □ Алматы, 2008
3. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. II том. □ Алматы, 2009
4. Нұрахмет И. Б.Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын тану туралы// Көкейкесті әдебиеттану. 5 кітап (Профессор Б.Кенжебаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы: методология және теория» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – Астана, 2005.
5. Кенжебаев Б.Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – Б. 170.
6. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Ғылым, 1961. – 374.
7. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.; Ежелгі әдебиет. – Астана: Ел орда, 2001. – 224.
8. Қабдолов З. Сөз өнері, А., Жазушы 1985. -271 б.
9. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.
10. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. М., 1996.
11. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.–А., Рауан,1997.
12. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
13. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– А., Білім 2009.
14. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту /әдістемелік нұсқаулық/А., Рауан, 1998.
15. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М., 1998.
16. Мырзағалиев. Қ. Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. А., Мектеп, 1973. -115 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Кеңбейшіл, М. Замандастар заңғары: Әдеби-танымдық, сыни, зерттеу еңбектер. – Алматы: Арыс, 2007.
2. Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқу: әдебиеттік, зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Балауса, 2010.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005.
4. Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, 1998.

5. Мәдібаева Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2001.
6. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. – Алматы, 2003.
7. Кәкішов. Т. Жанр жайлауы. – Алматы, Қазақ әдебиеті, 2007.
8. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы, 2003.
9. Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008.
10. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазбасы. – Алматы, 2008.
11. Әуезов және әлем әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
12. Гачев. Г. Национальное образы мира. – М., 2002.
13. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарама: таным және көркемдік. – Астана: Фолиант, 2009.
14. Дәдебаев Ж. Әдеби шығарма: өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Қазақ университеті, 2001.
15. Жұртбай Т. Кемеңгерлік кітапханасы. – Астана: Фолиант, 2010.